



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

06.09.2024 № 168 нқ
Ақтау қаласы

город Актау

**Маңғыстау облысы білім беру
ұйымдарындағы тамақтандыру
сапасына мониторинг жүргізу
жөніндегі ведомствоаралық
сараптамалық тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» № 598 бұйрығына және Маңғыстау облысының білім басқармасының 2024 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024-2025 оқу жылында Маңғыстау облысының білім беру ұйымдарында білім алушылар мен тәрбиеленушілерді тамақтандыру сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық тобы (бұдан әрі – Сараптамалық топ) құрылсын.

2. Бекітілсін:

2.1. Сараптамалық топтың құрамы (1 қосымша).

2.2. Сараптамалық топтың жұмыс жасау жадынамасы (2 қосымша).

3. Әр айда төрт рет білім беру ұйымдарында тамақтандыру сапасына мониторинг жүргізілсін.

4. Білім басқармасының Мектепке дейінгі және жалпы орта білім бөлімі (К. Кулатаева):

4.1. Осы бұйрықпен барлық білім беру ұйымдары таныстырылсын.

4.2. Сараптамалық топтың жұмыс қорытындысы Білім басқармасының, білім бөлімдерінің ресми интернет-ресурстарында, әлеуметтік желілерде уақытында жариялансын, сілтемесі Білім басқармасына жолдансын.

5. Аудандық, қалалық білім бөлімдерінің басшылары, Білім басқармасына бағынысты мекемелер директорлары:

5.1. Мектептердегі бракеражды комиссияның жұмысы жауапкершілікпен жүргізілсін, білім бөлімдері тарапынан қатаң қадағалансын.

5.2. Мониторинг қорытындысымен анықталған білім алушыларға сапалы тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша кемшіліктерге жол берген лауазымды тұлғаларға уақытында тәртіптік шаралар алынсын, Білім басқармасына уақытында жолдансын.

6. Осы бұйрықтың орындалысын бақылау жауапкершілігі басқарма басшысының орынбасарлары Г. Мамаеваға, А. Тұржановаға, Г. Қызылғұловаға жүктелсін.

Басқарма басшысы



Д. Жұмашева